

Қазақстан Республикасының жекелеген аудандары әкімдерінің сайлауын эксперимент ретінде өткізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1485 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабының 4-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы аудандары әкімдерінің сайлауын эксперимент ретінде өткізу ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы:

1) 2005 жылғы тамызда эксперимент ретінде облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аудан әкімдерінің сайлауын тағайындасын, ұйымдастырсын және өткізетін болсын;

2) осы Жарлықта көзделген сайлау өткізілетін аудандардың саны мен тізбесін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп айқындасын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) 2005 жылғы бірінші тоқсанда мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің ара-жігін ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру процесін аяқтауды көздейтін заң жобаларын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізуді қамтамасыз етсін;

2) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп аталған сайлауды ұйымдық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөнінде қажетті шараларды қолдансын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 6 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы аудандары әкімдерінің
сайлауын эксперимент ретінде өткізу
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының жекелеген аудандары әкімдерінің сайлауын эксперимент ретінде өткізудің шарттары мен рәсімдерін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әкімдер сайлауы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Жанама сайлау құқығы көрсетілген әкімдерді таңдаушылардың - мәслихаттар депутаттары болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлауынан тұрады.

2. Әкім төрт жыл мерзімге сайланады.

3. Әкімдер сайлауын Орталық сайлау комиссиясы тағайындайды. Шығып қалған әкімдердің орнына әкімдер сайлауын облыстардың, Астана және Алматы қалаларының сайлау комиссиялары әкім өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі айдан кешіктірмей тағайындайды.

4. Кандидаттар сайлауға қатысуға осы Ережелермен белгіленген шектерде
т е н қ ұ қ ы л ы .

5. Әкімдер сайлауын өткізу кезіндегі дауыс беру, таңдаушылардың еркін білдіруін қандай да болмасын бақылау мүмкіндігін болдырмайтын, жасырын болып табылады.

2-тарау. Сайлау жүйесі

6. Әкімдер сайлауын жүргізу кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады: дауыс беруге қатысушы таңдаушылар дауысы санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып саналады.

7. Әкімдер сайлауын дайындау мен өткізуді ұйымдастыратын сайлау органдары тиісті аумақтық сайлау комиссиялары болып табылады.

8. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы:

1) аудандар әкімдері сайлауын өткізуді қамтамасыз етеді;

2) әкімдікке ұсынылған кандидаттарды, олардың сенім білдірген адамдарын тіркеп, оларға тиісті куәлік береді;

3) дауыс беруге арналған бюллетень мәтінін бекітеді;

4) дауыс беру пункттерін дайындайды, дауыс беруге арналған кабиналар мен жәшіктер дайындауды қамтамасыз етеді;

5) әкімді сайлаудың нәтижелерін белгілейді, сайланған әкімді тіркейді, сайлау қорытындылары туралы хаттаманы сайланған әкімді тағайындау үшін жоғары
т ұ р ғ а н ә к і м г е б е р е д і ;

6) қайта сайлау өткізеді;

7) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заң мен осы Ережелерге сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. Әкімдікке кандидаттар ұсыну және оларды тіркеу

9. Сайлау күні туралы хабарландыруды тиісті аумақтық сайлау комиссиясы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының назарына жеткізеді.

10. Әкім болып сайлану үшін азаматтың Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабына сәйкес белсенді сайлану құқығы болуға тиіс.

11. 25 жастан жас емес және тиісті облыс аумағында, Астана немесе Алматы қалаларында тұратын, сондай-ақ мемлекеттік қызметші ретінде қойылатын талаптарға сәйкес келетін азамат әкімдікке кандидат бола алады.

12. Әкімдікке кандидаттарды балама негізде (яғни әкім лауазымына кемінде екі кандидат) ұсынуды облыстар, Астана немесе Алматы қалаларының әкімі жүзеге асырады.

13. Әкімдікке кандидаттарды ұсыну тиісті аумақтық сайлау комиссиясына облыстар, Астана немесе Алматы қалалары әкімінің ұсынымы мен кандидаттардың тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында әкімдікке кандидаттыққа түсу ниеті туралы өтініштерін беру арқылы жүргізіледі.

14. Кандидаттарды ұсыну сайлау күнінен қырық бес күн бұрын басталып, отыз күн қалғанға дейін аяқталады.

15. Егер барлық ұсынылған кандидаттар оларды тіркегенге дейін өз кандидатураларын қайтып алған жағдайда, тиісті аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мерзімін ұзартады.

16. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттың оған қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілеп, ол туралы тиісті хаттама жасайды.

17. Кандидаттарды тіркеу мынадай құжаттар:

1) облыстар, Астана немесе Алматы қалалары әкімінің аудан әкімі лауазымына сай келетін кандидаттарды ұсыну туралы ұсынымы;

2) әкімдікке кандидаттыққа түсуге келісімі туралы мәлімдемелер;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) Қазақстан Республикасы азаматының жеке бас куәлігі болған жағдайда жүзеге асырылады.

18. Кандидаттарды тіркеу туралы тиісті аумақтық сайлау комиссиясы хаттама жасайды.

19. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы:

1) кандидаттар тіркелгеннен кейін төртінші күннен кешіктірмей әрбір кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын лауазымын, жұмыс (кәсібі) орны мен тұрғылықты жерін, кандидаттың қалауына қарай оның қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қай ұлтқа жататындығы туралы

мәліметтерді көрсете отырып тіркеу туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге тәсілмен хабарлайды;

2) тіркеу кезінде кандидаттарға тиісті куәлік береді;

3) мынадай :

кандидатты ұсыну ережелері бұзылған;
кандидат лауазымдық жағдайын немесе қызмет бабын асыра пайдаланған;
кандидаттың оны сайлау комиссиясы тіркегенге дейін сайлау алдында үгіт жүргізген фактілері анықталған;

сайлаушыларды сатып алу фактілері белгілі болған;

Осы Ережелерде көзделген өзге де талаптарды сақтамаған жағдайда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

20. Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға кандидат үш күн мерзім ішінде жоғары тұрған аумақтық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағымдана алады. Бұл ретсіз жоғары тұрған аумақтық сайлау комиссиясы немесе сот шағым бойынша шағым берілген күнінен бастап, бес күн мерзімде шешім шығарады.

21. Кандидатты тіркеу дауыс беретін күннен қырық күн бұрын басталып, жиырма бес күн қалғанда аяқталады.

22. Кандидат тіркелгенге дейінгі және одан кейінгі кезеңде тиісті аумақтық сайлау комиссиясына өз кандидатурасын алатындығы туралы жазбаша арыз жазып, өз кандидатурасын алып тастай алады.

23. Мұндай жағдайларда тиісті аумақтық сайлау комиссиясы кандидатты тіркеуді жүргізбейді не кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

24. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін барлық кандидаттар шығып қалған жағдайда сайлау мерзімін ұзарту туралы мәселені облыстардың, Астана немесе Алматы қаласының сайлау комиссиялары шешеді.

4-тарау. Сайлау алдындағы үгіт және сайлауды қаржыландыру

25. Сайлау алдындағы үгіт барлық кандидаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелген күннен басталады және сайлау күнінің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

26. Сайлау алдындағы үгіт:

1) сайлау алдындағы көпшілік іс-шараларын (сайлау алдындағы жиналыстар және сайлаушылармен кездесулер) жүргізу арқылы;

2) баспа және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату арқылы жүзеге асырылады.

27. Мемлекеттік органдарға, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарына, сайлау комиссияларының мүшелеріне сайлау алдында үгіт жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

Сайлаушыларға, сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, соның ішінде безендірілген материалдарды, сондай-ақ омырауға тағатын белгілерді, жалаулар мен жалаушаларды тегін таратуды қоспағанда, сайлау алдында тегін тауарлар, қызмет көрсетулер, бағалы қағаздар ұсынумен, сондай-ақ ақша төлеумен ұштастырылатын үгіт жүргізуге тыйым салынады.

28. Белсенді сайлау құқығына ие азаматтардың осы Ережелерге сәйкес қандай да бір кандидатты қолдап және оған қарсы кедергісіз үгіттеуге құқығы бар.

29. Әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша барлық кандидаттар тиісті аумақтық сайлау комиссиясына тіркелген сәттен бастап және үгіт науқаны аяқталғанға дейін кандидаттың өзінің сайлау алдындағы бағдарламасын үгіттеуге және на с и х а т т а у ғ а құқығы бар.

30. Кандидаттардың, оларға сайлау науқанын өткізуде көмектесетін, сайлау алдында үгіт жүргізетін, кандидаттың мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сайлау комиссияларына қатысты мүдделерін білдіретін сенім білдірген адамдар ұстауға құқығы бар.

31. Кандидаттар сенім білдірген адамдарды өз қалауы бойынша айқындайды және тиісті аумақтық сайлау комиссиясына тіркеу үшін олар туралы хабарлайды.

32. Аумақтық сайлау комиссиясы сенім білдірген адамдарды тіркегеннен кейін оларға тиісті куәліктер береді.

33. Сенім білдірген адам қандай да болсын сайлау комиссиясының мүшесі бола алмайды.

34. Сенім білдірген адам өзіне кандидат берген өкілеттіктер шегінде іс-қимыл жасайды.

35. Сенім білдірген адам сайлау науқаны аяқталғаннан кейін немесе өз бастамашылығы бойынша, не кандидаттың шешімі бойынша өз мәртебесін жоғалтады.

36. Сайлау күні және оның алдындағы күні кез келген сайлау алдындағы үгітті жүргізуге тыйым салынады.

37. Дауыс беруге арналған үй-жайлардың сыртына бұрын ілінген үгіттік баспа материалдары бұрынғы орнында сақталына алады.

38. Әкімдер сайлауын өткізу республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылады.

39. Әкімдер сайлауында кандидаттарды сайлау алдындағы үгіттеу осы Ережелерде белгіленген тәртіппен сайлау қорлары түзген қаражаттан қаржыландырылуы мүмкін.

40. Әкімдікке кандидаттың сайлау қоры:

1) жалпы сомасы заңнамамен белгіленген ең аз еңбекақы көлемінен елу еседен аспауға тиіс кандидаттың жеке қаражатынан;

2) жалпы сомасы заңнамамен белгіленген ең аз еңбекақы көлемінен жүз еседен аспайтын, Республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдығы құрайды.

5-тарау. Әкімдер сайлауы

41. Дауыс беру және әкімдер сайлауы қорытындыларын айқындау "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңда белгіленген сайлау рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

42. Әкімдер сайлауы таңдаушылар - мәслихат депутаттары отырысында өткізіледі.

43. Отырыстың, егер оған тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің сайланған мәслихат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды күші бар деп саналады.

44. Таңдаушылар отырысына төрағалық етуші тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы болып табылады.

Таңдаушылар отырысын өткізу фактісін куәландыратын құжат отырыс хаттамасы болып табылады.

45. Аумақтық сайлау комиссиясы таңдаушылар отырысы өткізілетін үй-жайда әкім сайлауы бойынша дауыс беруге арналған пункт ұйымдастырады.

Егер дауыс беру нәтижесінде бірнеше кандидат басқа кандидаттармен салыстырғанда таңдаушылар дауыс санының бірдей көпшілігін алса, аумақтық сайлау комиссиясы ең көп дауыс алған екі кандидат бойынша қайта дауыс беру тағайындайды. Қайта дауыс беру сол күні өткізіледі.

Егер сайлауда бір кандидат дауысқа түскен жағдайда, дауыс беруге қатысушы таңдаушылардың елу процентінен астамы сол үшін дауыс берсе, ол сайланды деп саналады.

46. Отырыс аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы әкім сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелерін жариялағаннан кейін жабылады.

47. Аумақтық сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша сайлау нәтижелері туралы хаттама жасайды. Сайлау нәтижелері туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

48. Егер сайлау жарамсыз деп танылса, облыстық, Астана немесе Алматы қалалық сайлау комиссиясы қайта сайлау өткізу туралы шешім қабылдайды.

49. Қайта сайлау бастапқы сайлаулардан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі. Жүзеге асырылуы қайта сайлау кезінде көзделген сайлау іс-шаралары "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңға және осы Ережелерге сәйкес өткізіледі.

50. Қайта сайлау өткізу туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында

х а б а р л а н а д ы .

51. Осы Ережелерге сәйкес бастапқы сайлауда бұзушылыққа жол берген кандидаттар қайта сайлауға қатысуға құқылы емес.

6-тарау. Әкімдерді тіркеу

52. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап бес күн мерзім ішінде сайланған әкімді тіркейді.

Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының сайланған әкімді тіркеу туралы шешімі жоғары тұрған әкімге ұсынылады, ол бір тәулік ішінде сайланған әкімді т а ғ а й ы н д а й д ы .

53. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы сайланған әкімді тіркегеннен кейін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында әкімнің тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын лауазымын, жұмыс (кәсіп) істейтін және тұрғылықты жерін, әкімнің қалауына қарай оның қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қай ұлтқа жататындығы туралы мәліметтерді көрсете отырып әкімді тіркеу туралы ақпарат жариялайды.

54. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы таңдаушылар тізімін жасау ережесі, дауыс беру мен дауыстарды есептеу, дауыс нәтижелерін айқындау тәртібі бұзылған, осы Ережелердің басқа да бұзылулары жағдайында, егер осы іс-әрекеттер таңдаушылардың өз еркін білдіру нәтижелерін сенімді айқындауға мүмкіндік бермейтін болса, әкімдер сайлауын жарамсыз деп тани алады.

Бұл ретте кандидаттар аталған шешімге оны қабылдаған күннен бастап он күн ішінде сотқа шағымдана алады.

7-тарау. Әкімдер өкілеттіктерінің тоқтатылуы және оларды қызметінен босату

55. Әкім өкілеттіктері:

1) әкім өзі аудан әкімі болып табылатын тиісті облыс, Астана немесе Алматы қаласы шегінен тысқары тұрақты тұрғылықты жерге көшкен;

2) соттың оны іс-әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кеткен немесе қайтыс болған деп тану туралы шешімі заңды күшіне енген;

3) оған қатысты соттың айыптау үкімі күшіне енген;

4) ол Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалтқан;

5) ол қайтыс болған;

б) ол қызметінен түсу туралы жеке өтінішін берген жағдайларда мерзімінен б ұ р ы н т о қ т а т ы л а д ы .

56. Әкім өкілеттіктерінің 55-тармақтың 1)-5)-тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылуы онда көрсетілген жағдайлар расталған сәттен басталады және тиісінше жоғары тұрған әкімнің шешімімен рәсімделеді.

Әкімнің өкілеттіктері 55-тармақтың б) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша, тиісінше жоғары тұрған әкімнің шешімімен орнынан түсу туралы

өтініш берілгеннен кейін бір айдан кешіктірілмей тоқтатылады. Орнынан түсуден бас тартқан жағдайда әкім қызметтік өкілеттіктерін атқаруды жалғастыруға тиіс және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қызметінен босауға құқығы бар.

57. Әкім:

1) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін бұзған;

2) өзінің міндеттерін тиісінше атқармаған;

3) ұзақ мерзім бойы (қатарынан үш айдан немесе күнпарақтық жыл ішінде алты айдан көп) еңбекке жарамсыз болған жағдайларда атқаратын лауазымынан мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

58. 57-тармақта көрсетілген негіздер бойынша әкім атқаратын қызметінен жоғары тұрған әкімнің шешімімен аудан (қала) прокурорының алдын ала қорытындысы және кейіннен алынған тиісті аудандық (қалалық) мәслихат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің келісімі бар болғанда босатылады.

59. Осы Ережелердің орындалуына бақылау жасауды, олардың бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының актілерімен шешіледі.